

Арал аудандық мәслихатының 2021 жылғы 12 ақпанындағы № 13 "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 қарашадағы № 314 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 25 қарашада № 30717 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 қазандағы № 103 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 11.10.2023 № 103 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Арал аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Арал аудандық мәслихатының "Әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы" 2021 жылғы 12 ақпанындағы № 13 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8160 болып тіркелді) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында:

7-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) өмірлік қыын жағдайға тап болғандар, оның ішінде әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі деп танылған азаматтарға (отбасыларға):

туберкулез ауруымен диспансерлік есепте түрған адамдарға жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, ай сайын 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

апластикалық анемиямен диспансерлік есепте түрған балалардың ата-аналарына немесе өзге де занды өкілдеріне ай сайын жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай 7,6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде;

санаторий-курорттық емделу қызметіне бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдармен ілесіп жүретін адамдарға жан басына шаққандағы орташа табысы

есепке алынбай Үлгілік қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса ұсына отырып, өтініш негізінде 40 (қырық) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі;

диспансерлік есепте түрган адамның иммун тапшылығы вирусын жүқтыван балалардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңымен белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейінің 2 (екі) еселенген мөлшерінде ай сайын тағайындалады".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Арал аудандық мәслихатының хатшысы*

*Б. Турахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК